

**Мемлекеттік акция пакетінің бір бөлігін акционерлік қоғамдардың басшыларына сату туралы уақытша ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 31 қаңтардағы N 106. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекеттік акция пакетінің бір бөлігін акционерлік қоғамдардың басшыларына сату туралы қоса беріліп отырған Уақытша ереже бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 31 қаңтардағы  
N 106 қаулысымен

бекітілген

**Мемлекеттік акция пакетінің бір бөлігін  
акционерлік қоғамдардың басшыларына сату туралы  
УАҚЫТША ЕРЕЖЕ**

1. Осы Ереже мемлекеттік акция пакеті 51 проценттен төмен бұрынғы мемлекеттік кәсіпорындардың негізінде құрылған акционерлік қоғамдардың басшыларына (мұнан былай - қоғамдар) сатуға арналған мемлекеттік акция пакетінің бір бөлігін бөлудің тәртібі мен шартын белгілейді.

2. Мемлекетке тиесілі және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті (Меммүліккомы) оның бір бөлігін акционерлік қоғамдардың басшыларына бөлу туралы шешім шығарған кезде сатылмаған бүкіл акция пакеті мемлекеттік акция пакеті деп ұғынылады. Бұл орайда:

жаппай жекешелендіру бағдарламасына сәйкес сату үшін резервке қалдырылған;

қоғамның құрылтай құжаттарына, сондай-ақ Меммүліккомы мен оның аумақтық органдарының бұрын қабылданған шешімдеріне сәйкес басқа да сатулар үшін резервке қалдырылған акция пакеттерінен басқа ұлттық, мемлекеттік акционерлік компаниялар, соның ішінде холдинг және басқа

ұстаушы органдар табыстаған мемлекеттік акция пакеттері ескеріледі.

3. Барлық жағдайларда акция пакетінің бөлінген көлемі мемлекеттік акция пакетінің жоғарыда аталған көлемінің 5 процентінен аспайды.

4. Акционерлік қоғамдар басшыларына сату үшін мемлекеттік акция пакетінің бір бөлігін бөлу туралы шешімді Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің рұқсатымен Меммүліккомы шығарады.

5. Мемлекеттік акция пакетінің бір бөлігін қоғамдардың басшыларына бөлу туралы ұсынысты мүдделі министрліктермен және ведомстволармен, ұлттық, мемлекеттік акционерлік компаниялармен, соның ішінде холдинг компанияларымен, жергілікті әкімшіліктермен келісе отырып Меммүліккомы т а б ы с е т е д і .

Меммүліккомы енгізген ұсыныста:

болжамды сатып алудың мөлшері мен тәсілі туралы мәлімет;  
акционерлік қоғамның президенті туралы мәлімет (анықтама-объективка) м а з м ұ н д а л у ғ а т и і с .

6. Бөлінген акция пакетін сатып алу акционерлік қоғамның қаражаты немесе қоғам алған кредит есебінен жүргізілмейді.

7. Бөлінген акция пакетін сатып алған кезде сатып алынатын акцияның 20 проценті оның атаулы құнына қарай, қалғандары - сатып алу-сату шарты жасалған сәттегі негізгі қордың соңғы қайта бағалауын ескеріп төленеді.

8. Сатып алу бір жолғы жарнамен жүзеге асырылған жағдайда ақша қаражаты сатып алу-сату шартына қол қойылған сәттен бастап бір ай ішінде енгізіледі.

9. Акция пакетін ұзартылған мерзімге сатып алған кезде жалпы соманың 20 проценті мөлшеріндегі бастапқы жарна, сатып алынатын акция пакетінің атауы құнына қарай, сатып алу-сату шартына қол қойылған сәттен бастап он күн мерзімде енгізіледі. Қалған сома сатып алу-сату шартына қол қойылған сәттегі негізгі қорлардың соңғы қайта бағалануын ескеріп, шартқа қол қойылған сәттен б а с т а п 3 6 а й і ш і н д е ө т е л е д і .

10. Акцияның құнын ұзартылған мерзіммен төлеген сатып алушы дивиденд алады және дауыс құқын төленген акциялар бойынша ғана пайдаланады.

Мемлекеттік акция пакетінің сатып алынбай қалған бөлігі жөніндегі барлық құқық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінде қалады, ал осы акциялар бойынша дивидендтер қолданылып жүрген заңға және қоғамның құрылтай құжаттарына сәйкес жіберіледі.

11. Сатып алушы мемлекеттік акция пакетін белгіленген мерзімде алмаған жағдайда, акция пакетінің сатып алынбаған бөлігі Меммүліккомның иелігінде қалдырылады және қолданылып жүрген заңға сәйкес пайдаланылады.

